

**«8D01503– Физика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған Полатұлы Серіктің «Кейс стади әдісі негізінде болашақ физика мамандарының ғылыми-зерттеушілік күзіреттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің**

### **ШКІРІ**

Соңғы жылдарда болашақ мамандарды даярлайтын жоғары оқу орындарында білім беру жүйесіндегі қажеттіліктер мен талаптарды тиімді іске асыруда, жоғары оқу орындарына берілген академиялық еркіндік нәтижесінде, мамандыққа сәйкес қажетті оқыту нәтижелерерін белгілеуге және сол салада білім берудің тиімді әдістемесін қолдануға мүмкіндік беруде. Сонымен қатар, білім беру бағдарламаларын әзірлеуде ХХІ ғасырдағы қажетті құзыреттіліктер түлектердің бойында қалыптасуын, сол арқылы жұмысқа орналасу деңгейін арттыру мәселелері шешімін табуда.

Білім беру бағдарламасындағы әр-бір пән болашақ маманнан жұмыс берушілер талап ететін негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыруға және дамытуға бағытталуда. Ал, физика пән ретінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұдайы жүргізіп отыруды қажет етеді. Физиканың – эксперименттік ғылым екендігі, кез-келген елдің ғылымы мен технологиясын дамытуда бұл ғылымның ерекше орын алатындығының айғағы.

Болашақ физика мамандарының зерттеушілік қасиеттері қалыптасуының құзыреттілік деңгейі физикалық білімнің берік меңгерілуін және оны өз кәсібінде, сонымен қатар, тұрмыстық, өндірістік міндеттерді шешу үшін пайдалануға дайындығын көрсетеді. Сондықтан да, физикадан білім беруде болашақ мамандардың бойынша ғылыми-зерттеушілік құзыреттіліктерді қалыптастыру және осы салада оқытудың әдістемесін дамыту өзекті мәселе болып табылады.

Осы тұрғыдан алғанда, PhD докторанты Полатұлы Серіктің ғылыми-зерттеу жұмысының тақырыбы және осы тақырыптың төңірегінде алған ғылыми мәселелердің шешімі қазіргі кезде көкейкесті мәселелердің бірі екендігі күмән келтірмейді.

Докторант, ғылым дамуының жылдам қарқыны физикалық ұғымдардың, айғақтардың, идеялар мен заңдылықтардың ұлғаюына себеп болып отырғандығын, болашақ физика мамандарын даярлауда физиканың әрқашан өте күрделі, қабылдау оңай емес біршама ұғымдардан тұратындығын ескеріп, олардың бойынша зерттеушілік дағдылардың жоғары дәрежеде болуын қамтамасыз ету бағытында теориялық және ғылыми-әдістемелік негіздер бойынша ғылыми нәтижелерге қол жеткізе алды.

Полатұлы Серіктің 3 бөлімнен тұратын диссертациялық жұмысы жоғары оқу орындарында «Оптика» пәнін оқыту мысалында педагогикалық эксперимент ұйымдастыру арқылы, болашақ физика мамандарының ғылыми-зерттеушілік құзыреттілігін кейс әдісі негізінде қалыптастырудың ерекшеліктерін айқындау, кейс стади әдісі негізінде STEAM-ге бағытталған

ғылыми - зерттеу жұмыстарын іске асырудың дидактикалық шарттарын айқындау сияқты ғылыми нәтижелермен баяндалған.


Сонымен қатар, докторант кейс стади әдісі негізінде болашақ физика мамандарының ғылыми-зерттеушілік құзыреттілігін «Оптика» пәнін оқыту мысалында қалыптастырудың әдістемелік жүйесі, болашақ физика мамандарының ғылыми-зерттеушілік құзыреттіліктерін қалыптастырудың мазмұны және әдістемелік жүйенің тиімділігі эксперимент жүзінде дәлелдеу нәтижелерін бірнеше ғылыми мақалаларда, соның ішінде Scopus базасына енген жоғары рейтингті журналда мақала түрінде жариялады.

Докторант Полатұлы Серіктің зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығының жоғары дәрежеде екендігі, алған нәтижелері мен қорытындылары, осы бағытта келешекте жүргізілетін ғылыми ізденістерге негіз болатындығының айқын көрінісі.

PhD докторанты Полатұлы Серіктің диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті белгілеген талаптарына сай толық зерттеліп, аяқталған.

Осыған орай, Полатұлы Серіктің «8D01503–Физика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған «Кейс стади әдісі негізінде болашақ физика мамандарының ғылыми-зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациясы, Диссертациялық кеңесте қорғауға лайықты деген пікірдемін.

**Ғылыми кеңесші,  
Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
Халықаралық қазақ-түрік  
университеті, PhD., қауымдастырылған  
профессор**



**Ш.Ж.Раманкулов**

РАСТАЙМЫН:	ҚОЛЫН
Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Адам ресурстарын басқару бөлімінің бастығы	

